

## Запастағы офицерлерді әскери қызметке шақыру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1997 жылғы 17 ақпандағы N 229

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштеріндегі бастапқы офицер лауазымдарының жасақталмауына байланысты "Жалпыға бірдей әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" Қазақстан Республикасы Заңы 17-бабының негізінде Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. 1997 жылы әскери-есептік немесе азаматтық, тиісті әскери

сабақтас мамандықтар бойынша әскери қызметін өткермеген запастағы офицерлер үш жыл мерзімге әскери қызметке шақырылсын.

2. 1997 жылы запастағы офицерлерді әскери қызметке шақыруды жүргізуге арналған әскери-есептік мамандықтардың тізбесі және осы мамандықтар бойынша шақырылатын азаматтардың саны бекітілсін (қоса беріліп отыр).

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
1997 жылғы 17 ақпандағы  
N 229 қаулысымен  
бекітілген

Запастағы офицерлерді 1997 жылы әскери қызметке  
шақыруға арналған әскери-есептік мамандықтардың  
және осы мамандықтар бойынша шақырылатын  
азаматтар санының  
ТІЗБЕСІ

Мамандық	Саны, адам
Офицер:	
мотоатқыштар әскері	60
танк әскері	50
ракета әскері мен артиллерия	50

әуе қорғанысы әскері	40	
құрлықтағы әскерлердің әуе қорғанысы		25
Әскери-Әуе Күштері	60	
инженерлік әскер	20	
химиялық әскер	15	
байланыс	110	
бронетанк қызметі	30	
ракета-артиллерия қару-жарағы қызметі		20
медицина қызметі	20	
мүлік-зат қызметі	10	
азық-түлік қызметі	10	
жанар-жағар май материалдары қызметі		5
қаржы қызметі	10	
тәрбиелік және әлеуметтік-құқық жұмыстары бойынша		50
әскери прокуратураға арналған заңгер		25
Мемлекеттік тергеу комитетіне арналған заңгер		25

---

Жиыны

635

---